

факультеттері, техникумдар мен жоғары оқу орындарының кең желісін құру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілді.

Негізінен орыс тілінде білім алу ұлттық республикаларда, соның ішінде Қазақстанда, біржақты емес нәтижелерге алып келді. Бір жағынан, туған және мемлекеттік тілдерді меңгеру республика азаматтарының этносаралық интеграциясының күшті факторы болды, сонымен қатар бүкіл Кеңес Одағында да маңызды болды. Екінші жағынан, қазақтардың тілдік және мәдени ассимиляциясының маңызы мен мәні, әсіресе, адам саяси мансап жасауға ұмтылған кезде өзекті болды. Дегенмен, Р. Сунидің айтуынша, қазақтар толық ассимиляцияға ұшырамаған, керісінше, этникалық айырмашылықтар — табиғи және әлеуметтік — Кеңес дәуірінде күшейген. Бұл, бір жағынан, компартияның этнополитикалық амбиваленттілігімен байланысты болды, ол барлық әлемнің жұмысшыларын интернационалдық бауырластыққа жетелейтін «бүкіл Одақ халықтарының даму деңгейлерін теңестіру» бағдарламасын іске асыруды мақсат етті. Бұл бағдарламада халықтарға саяси және, әсіресе, мәдени салаларда өзін-өзі анықтау мүмкіндігі берілген, ол халықаралық ынтымақтастық пен әлеуметтік әділдіктің кепілі ретінде қарастырылды [11]

Қорытындылай келе, кеңестік кезеңдегі сауатсыздықпен күрес қазақ қоғамындағы маңызды әлеуметтік-мәдени өзгерістердің бірі болғанын айта кеткен жөн. 1920-1930 жылдардағы сауат ашу науқандарында көп жұмыс атқарылды, бірақ бұл процесс бірқатар қиындықтарға тап болды. Әсіресе ауылды жерлерде материалдық ресурстардың жетіспеушілігі, көшпелі өмір салты, мұғалімдердің жетіспеушілігі сияқты мәселелерге байланысты оқу-ағарту жұмыстары қиын әрі ұзақ процесс болды. Соған қарамастан сауатсыздықты жою шаралары үлкен нәтижелерге қол жеткізді. Мәдени науқандар мен сауат ашу курстарының арқасында халықтың білім деңгейі көтерілді, бірақ материалдық тапшылық, әлеуметтік көзқарастың өзгеруі сияқты көптеген қиындықтар мен кедергілер әлі де сақталды. 1939 жылғы халық санағы бойынша халықтың сауаттылығының жоғарылауына қарамастан, толыққанды білім алу мәселесі әлі де шешуді қажет ететін маңызды мәселе болды. Сауатсыздықты жою жұмыстары тек оқу-ағарту жүйесінің дамуына ғана емес, әлеуметтік теңдік пен мәдени прогресті қамтамасыз етуге де үлкен әсер етті. Кеңестік білім беру жүйесі мемлекет тарапынан жүргізілген мақсатты саясаттың нәтижесі болып, дәстүрлі қоғамдарды модернизациялауға, этносаралық интеграцияға және көпмәдениетті «тұтастық» қалыптастыруға бағытталды. Сонымен қатар, кеңестік әлеуметтік модернизация халықтардың мәдени дамуын қамтамасыз ете отырып, олардың моральдық құндылықтарын пайдалануды құруды көздеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Табылдиев Х.Б. Қазақстанда сауатсыздықты жою: Тарихи тәжірибе және тағылым (1917-1941 жылдар) Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы. 1997. – 51 б.
2. Носач В.И., Ушанов А.А. Советские профсоюзы в борьбе за социалистическую культуру (1917-1937). – М.: Профиздат, 1986. – 176 с.
3. Абпазов А.К. История идеологического обеспечения просветительных кампаний по советского режима (1920-1933 гг.): историко-критический анализ авторефератдиссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. – Алматы, 2007. – 25 б.
4. Әбікей А.М., Қайыпбаева А.Т., Оспанова Р.Р. Қазақстандағы сауатсыздықты жою науқанының жүзеге асырылуы. -Алматы. 2022.
5. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. – Алматы: «Атамұра», 2010, 752 бет, суретті, карталы.
6. Ахметова Л. Қарлығаш қаламдастар: Көмекші оқу құралы. – Алматы, «Қазақ университеті», 1993. – 112 бет.
7. Д. Асымова, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың магистранты. Қазақстандағы халық ағарту тарихынан (1920-1940 жж.) мақала
8. Даркенов Қ.Ф. Қазақстандағы білім беру ісі тарихынан (XX ғасырдың 20-30 жылдары) - Арқалық, 2009. - 155 б.
9. Адамбеков Б.К. XX ғасырдағы Ресей империясы, Кеңес мемлекеті және ТМД тарихы: Оқу құралы: - Қарағанды: ҚарМу баспасы, 2005. – 344 бет.
10. Р.Жұмашев, Л.Тілегенова, Сауатсыздықты жою: Сандық талдау тәжірибесі. Мақала
11. С.Т. Рысбекова Образование как фактор социальной модернизации традиционного общества(на примере Казахстана 1920—1930(е гг.).

## ҚАСЫМ ХАН – ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ КЕМЕҢГЕР ТҮЛҒАСЫ

Байтөлеу Бекарыс

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Касимова С.С.

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті

[Ioxanem01@mail.ru](mailto:Ioxanem01@mail.ru)

Біздің Отанымыз Евразия құрылығының дәл ортасынан орын тепкенжас тәуелсіз мемлекет. Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымының тең құқықты мүшесі, дүниежүзілік қоғамдастықтың дербес субъектісі атанғанына биыл 33 жыл толып отыр. Артқа тастаған сындарлы белестерге көз жіберсек, біріншіден, тағдырдың тезінен, отаршылдықтың бұғауынан азат болған қазақ халқы өзінің ұлттық мемлекетін құрды, екіншіден, тәуелсіздігін сақтап қалу және оның тұғырын орнықтыруда әлемдіксын-қатерлер мен қатал сынақтарға қайыспай қарсы тұрып, саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени дамудың өзіндік тұрақты жолына түсті.

Өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілгенінің дәлелі – ұлттық тарихымызды қайта қарап, қайта жаңғыртып, ұмыт болған «ақтандақтарды» ұлт мүддесі тұрғысынан зерттеп, зердеден өткізуге мүмкіндік алғаннан кейінгі уақытта қазақ тарихының бірегеймаңыздыкезеңдері мемлекеттік деңгейде аталып өтті. 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығы дүние жүзіне Қазақстанның шежірелі, терең тарихын кеңінен айшықтап көрсетті.

Биылғы жылы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей бастамасымен республикалық деңгейде аталып өтіліп отырған ұлттық тарихтың келесі тағылымды парағы - Жошы ұлысының 800 жылдығы болып табылады.

Мемлекет басшысы 2024 жылғы 15 наурызда өткен Ұлттық құрылтайдың «Адаладам – Адаленбек – Адалтабыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде былай деген еді: «Біз болашаққа сеніммен қадам басу үшін төл тарихымыздың ауқымы кең екенін толық сезініп, мәдени мұрамызды сақтап, оны дәріптеуіміз қажет. Қазақстан – Ұлы даладағы көшпенділер өркениетінің тікелей мұрагері. Жер жүзіне Алтын Орда деген атпен танылған әйгілі Жошы Ұлысы Орталық Еуразияның байтақ даласындағы ең қуатты мемлекет ретінде мойындалған. Осы ортағасырлық державаның геосаяси мұрасы бірқатар Еуразия мемлекетінің, соның ішінде Қазақ хандығының құрылуына негіз болды. Ұлық Ұлыстың жерінде сан алуан этнос және дін өкілдері бір шаңырақтың астында өмір сүрді. Түрлі мәдениеттер өзара астасып, мемлекет құру ісінің бірегей үлгісі қалыптасты.

Жошы әулеті 6 ғасыр бойы Орталық Еуразияның тағдырын атқалып келейік палетті. Ұлан-ғайыраумақта біртұтас өркениет құруға ұмтылды. Жошы ұлысы Ұлыдаланы мекен еткен халықтардың сан ғасырлық даму бағдарына ықпалды. Ұлықұлы мемлекетті басқару ісін жаңа деңгейге көтерді. Оның Рим империясымен ұқсастығы да – осында.

Биыл Жошы ұлысының негізі қаланғанына 800 жыл толды. Бүгінгі жиынымыз да осы мерейлі белескет ұспа-түскеліп отыр. Мұның зор символдық мәні бар. Бізаста-төк той жасауға емес, салмақты зерттеу жүргізуге баса мән беруіміз керек. Жошы ұлысы Қазақстанның мемлекеттілік дәстүріндейрықша орыналады» [1].

Тарихта ұлы адамдар аса маңызды оқиғалар мен өте күрделі бетбұрыс кезеңдерде айқын көрінетіні белгілі. Тарихта аты қалған ұлы тұлғалар белгілі бір тарихи дамулардағы ірі өзгерістерге белсене қатыса отырып, оқиғалардың объективті барысында, әрі қарай даму бағытына өзінің үлесін қосады. Тарихи тұлғалардың қоғам дамуына ықпалы неғұрлым ауқымды, терең болса, соғұрлым олардың есімдері тарихта өшпестей із қалдырып, халықтың жадына сіңіп, уақыт өте ұрпақтар алдында биікке көтеріле береді. Қазақ халқының тарихында әсіресе хандық билік кезеңінде ерлікке толы ісімен із қалдырған тұлғалар аз емес. Сондай бірегей тұлғалардың бірі – 1511-1521 жж. Қазақ хандығын билеген – Қасым хан.

XV ғ. аяғы мен XVI ғ. басында Қазақ хандығының нығаюына, Қазақстанның бүгінгі әлемде 9-шы орын алатын аумағының қалыптасуына зор үлес қосқан Жошы ұлысының тарихи кемеңгер тұлғасы – Қасым ханның өмірі мен қызметін зерттеу, оның енді ғана құрылған жас мемлекеттің ішкі-сыртқы саясатын нығайтудағы жасаған іс-қимылдары, көрші елдермен дипломатиялық қарым-қатынас орнатудағы парасаттылық, мәмілегерлік қабілеттерін зерттеп, зерделеу өзекті болып табылады.

Қасым хан Қазақ ордасының негізін салушы тарихи тұлғалардың бірі - Керей ханның немере інісі Әз-Жәнібек ханның ұлы. Деректер бойынша ол 1445 жылдар шамасында дүниеге келген. Анасының есімі Жаған-бегім Шайбани ханның інісі Махмұд сұлтанның анасының туған сіңілісі [2, 271 б]. Қасым саяси өмірінің бастапқы кезеңінде Керей ханның баласы, тақ мұрагері Бұрындық ханның әскер басшысы, жаумен болған шайқастарда көзсіз ерліктер жасаған тұлға ретінде жазылады. Сол кезеңдерде жазылған тарихи еңбектерде Қасымның отбасында тоғыз ағайынды болғаны айтылады. Олар: Әдік, Қасым, Ерінжі, Махмұд, Жаныш, Тыныш, Қамбар, Ұснақ, Жәдік. «Бұлардың ішінде хандық дәрежеге жеткен Әдік пен Қасымнан басқалары, әрқайсысы елу мыңнан әскерлері бар кішігірім хандық дәрежедегі ұлыстарға билік еткен. Ағайынды тоғыз сұлтан Қазақ елінің тірегі болып, абыройын асырды. Бірақ олар ата салтымен хан көтерілген, бүкіл ұлыстың туын ұстаған Бұрындықтың алдынан кесе көлденең өтпеген екен. XVI ғасырдың бас кезінде тақсых хан деп танылған дарынды Қасымның өзі Бұрындыққа қарсы келмеген». Осылай дей келе, сол заман ойшыларының деректеріне сүйене отырып жазушы М.Мағауин «Қазақ тарихының әліппесі» деген еңбегінде «Бір кезде өз әкесі Жәнібек Керей ханның билігіне бас ұрғаны сияқты, Қасым да Бұрындық ханды құрмет тұтқан»- деп жазады [3, 373 б]. Оның ел мұратын, халық мүддесін бәрінен жоғары қойғандығы айтылады.

Қазақ хандығының іргесін нық бекітер заманда Әз-Жәнібек ханның ұлдары Еренжі, Жаныш, Махмұд, Тыныш сұлтандар ерен еңбектерімен көзге түседі. Ағайындылар ішінде ержүректілімен, ақыл парасатымен

дара шыққан – Қазақ Ордасының хандық тағына үміткер Қасым сұлтан болады. [4,124 б].Ежелгі ата-дәстүрін меңгерген Қасым сұлтан ел басқаруда, қол бастауда өзінің туған халқын ойлап, бар ғұмырын осыған арнады. Ел мұратынан бөтен тілегі, жұрт бақытынан бөтен мүддесі болмаған. Қазақ елін ата қонысқа орнықтыру жолындағы қанды шайқастарда жеке ерлігімен көзге түскен Қасым сол кездегі тарихи әдебиетте Қыпшақ елінің «белгілісұлтаны», «даңқты бахадүрі» аталады. Бұрындық хан кезінде жеңімпаз әскербасы ретінде танылады. Ұрыс даласында әскери қабілетімен, дарындылығымен, бейбіт кезде әділдігімен жұрт құрметіне бөленеді. Белгілі тарихшы Махмұд бен Уали өзінің «Бахр әл-асрар» атты еңбегінде аласапыран жылдардың оқиғаларын баяндай келе «Қазір бүкіл Дешті Қыпшақтың билігі Қасым ханға көшкен» - деп жазады [5, 216 б]. Қасымның күш-қуатының артқаны соншалықты ол бүкіл Мауераннахр өңірін үрейде ұстап отырды дейді.

Сол кездегі Қасым ханның қарсылас жауы Мұхаммед Шайбани хан XVI ғасыр басында қазақ жұртын экономикалық тәуелділікте ұстау үшін 1505 жылы жарлық шығарады.Жарлықта қазақтармен толық сауда-айырбасты доғару жайында айтылады және Орта Азияда жүрген қазақ саудагерлерін тонауға бұйрық береді. Бірақта оның істері еш нәтиже бермей Қазақ хандығы жағынан қарсы әрекеттер туғызады. Шайбани хан өз әрекетін оңды нәтиже беруі үшін Мауераннахрлық дін басыларына қазақтарды «дінсіздер» деп айтқызып, күреске Орта Азияның бүкіл мұсылмандарын жұмылдыруға күш жұмсайды.

Шайбани хан Қазақ хандығына қарсы 1505-1509 жж. аралығында үш рет жорық ұйымдастырып, Сыр өңіріндегі қазақ сұлтандарының ұлыстары талқандалып, мыңдаған мал мен жан олжаға түсіріледі. Талқандалған ұлыстардың барлығы Жәнібек хан ұлдарының ұлыстары болатын. 1509 жылдың қысында болған үшінші жорықта Бұрындық хан жау шабуылын біле тұра Жәнібек хан ұлдарына ешқандай көмек бермей, керісінше, өз басын аман сақтап, ұлысымен шегініп кетеді. Ханның бұл әрекеті бүкіл қазақ халқының алдында оның беделін төмендетеді. Осы кезден бастап қазақ халқының барлық күштері Қасым ханның төңірегінде жиыла бастайды. Себебі Шайбани хан үш жорықта қазақ елін басып алуды мақсат еткенімен оған қолы жете қоймаған еді. Сондықтан да болашақта түпкі мақсатқа жету үшін әлі де болса жорықтардың болатыны белгілі еді. Осы тұста сыртқы жауға тойтарыс беретін қабілеті бар және бүкіл қазақ елін сол мұратқа жеткізе алатын жалғыз тұлға Қасым хан болды. Сыр өңірі үшін болған ұрыстарда жинақталған тәжірибе мен атақ-абырой, қолбасшылық пен ұлыс билеушілік дәреже, хан әулетінің өкілі болуы Қасым ханды қиын-қыстау жағдайда қазақ елінің ең ірі мемлекет қайраткері ретінде қалыптастырды. 1510 жылы қыс айларында Шайбани ханның әскерлері Ұлытау таулары бөктеріндегі Қасым ханның ұлысына шабуыл жасайды. Қасым хан олардың бетін тойтара алмайтынын түсініп, артқа қарай шегініп, біраз уақыттан соң тұтқиылдан шабуыл жасап, өз қарсыласын ойсырата жеңеді [6, 6 б].Ел арасында еш беделі қалмаған Бұрындық хан Самарқан қаласына көшіп кетеді, бұдан кейін Бұрындықтың тұсында әскер басшысы болған Жәнібек ханның баласы Қасым сұлтанның ел ішінде беделі арта бастайды. Халық оны 1515 жылы ақ киізге көтеріп, хан тағынаотырғызады [2, 272 б].

Қасым хан XVI ғасырдың басында ұлан байтақ қазақ жерінің айтарлықтай бөлігін өзінің қол астына қаратты. Алғашқы кезде хандықтың саяси-әкімшілік және сауда-экономикалық орталығы Сырдарияның бойындағы Сығанақ қаласында болған Қасым хан өз өмірінің соңғы жылдарында орданы Сарайшық қаласына көшіріп, билігін жүргізген. Бұл кезде Сарайшық Ұлы Жібек жолының бойындағы ірі орталық болған. Сарайшыққа дүниенің төрт бұрышынан саудагерлер, елшіліктер келетін. Қаланың маңызды орталыққа айналуы қазақ хандығының дүниежүзілік алпауыт елдермен қарым-қатынасқа шығуына ықпал етті [2,275 б].

Моғолстан ханы Сұлтан Саид пен Қасым хан достық қатынаста болды. 1513 жылы Сұлтан Саид одақтас болып Ташкентке бірге жорық жасауды ұсынды, бірақ Қасым бұл жорыққа аттанудан бас тартты. Өйткені ол кезде көршілес рулар мен тайпалар Қасым ханның атақ – даңқын, кемеңгерлігін естіп өз еріктерімен қосылып жатты. Қазақ елінің жер көлемі де ұлғая түскен болатын. 1514 жылы Сұлтан Саид Шығыс Түркістанға аттанған тұста, қазақ ханының Жетісудағы билігі нығая түсті. XVI ғасырдыңекінші он жылдығында Қасым хан ұлан байтақ территорияны өз қол астына қаратты. Бұл кезде Қазақ хандығының шекарасы оңтүстікте Сырдария алабымен ұлғайып, Түркістан аумағындағы (Сырдария бойындағы) қалаларды өзіне қаратып алды. Шығыс оңтүстікте оған Жетісу жерінің дені (Шу, Талас, Қаратал, Іле өзендерінің алабы) қарады. Солтүстік және шығыс солтүстікте Ұлытау өңірі мен Балқаш көлінен асып, Қарқаралы тау тарамдарына дейін кеңейді, батыс солтүстікте Жайық өзенінің алабын қамтыды. (Жайық өзені бойындағы Сарайшық қаласы). Осылайша хандықтың шекарасы кеңейе түсті [7, 96б].

Қасым хан заманында Қазақ хандығы еуропалық мемлекеттер арасында танымалдық пен саяси қуатты мемлекет атағына қол жеткізді. Қазақ хандығымен бірінші дипломатиялық байланыс орнатқан солтүстік батыстағы Мәскеу мемлекеті болды. Бұл князь Василий III билік құрған жылдары (1505-1533жж.) жүзеге асқан. Қазақ хандығының тағы бір ерекшелігі – бұл кезеңде қазақтар Батыс Еуропада жеке этникалық қауымдастық ретінде таныла бастады. Аустриялық дипломат Зигмунд Герберштейн (1517-1526 жж. Москвада болған) Еуропа оқымыстыларының арасында алғашқылардың бірі болып қазақтар туралы өзінің «Москвалық жазуларында» айтып өтеді [2,275 б].

Қасым хан алғашқы қазақ заңы - «Қасым ханның қасқа жолы» атанған заңдар жинағын жазды. Бұл заң қазақ елі арасында бұрыннан келе жатқан әдет-ғұрып ережелері тұрғысынан жасалды. Аталған заң сол кезде мұсылман елдерінде жаппай қолданылып жүрген ислам дінінің заңынан бөлек көшпелі қазақ өміріне үйлесімді байырғы өмірге негізделген. Сол себептен Қасым хан атымен байланыстырылып: «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталды.

Қазақ халқының өмірімен тікелей байланысты жылқы жануарының маңдайындағы ақ теңбелді қасқа деп атаған. Қазақ халқында жиі кездесетін «Жирен қасқа айғыр», «Горы қасқа бие», «Көк қасқа құнан» - деген атаулар қасқа сөзінің қандай мағынада қолданылатынын көрсетеді. Осы мағынаны негізге алсақ «Қасқа жол» деген сөз тіркесі ақ жол, халықты адастырмайтын тура жол, бақытқа жетелейтін сара жол деген мағынаны білдірсе керек. Сөздің күдіретін бағалай білгената-бабамыз Қасым ханның қазақ халқының мүддесіне сай шығарылған заңдар жинағын тура жолға балап, «Қасым ханның қасқа жолы» деп қысқа қайырған атау терең мән-мағына білдіргенін байқаймыз.

«Қасым ханның қасқа жолы» аталатын жарғы сол замандағы халықтың қоғамдық және құқықтық нормаларын қалыптастырады, әдет-ғұрып, тұрмыс-салт ережелерін, жеке адамдар арасындағы, ру-тайпалар мен әлеуметтік топтар арасындағы қатынас жүйесін реттейді. Қасым хан осы өзі дайындаған конституциялық құжаттың негізінде ел басқарды. Бұл Қазақ хандығы тарихында жасалған тұңғыш заңдар жинағы еді. Заң бес тараудан тұрады. Заңда құран талаптарына қайшы келмейтін қазақи әдет-ғұрып ерекшеліктері сақталып, сол кездегі қазақ жұртының болмысына сай етіп жасалған. Бүгінгі күні кейбір мәтелдер сол заңның тармақтарынан алынған. Қазақ хандығының мемлекеттік негіздерінде осы заңдар жинағы көрініс тапты [5,22 б].

Мұхаммед Хайдардың жазған деректеріне сүйенсек, Қасым хан 1518 жылы дүниеден өткен. Орыс деректеріҚасым ханның 1521 жылы қыс айларындаСарайшық қаласында қаза болғанын айтады [2, 275б].Қасым хан 1520 жылдары қазақ хандығының батысында, Жайық өзені бойындағы сәнді, салтанатты қала Сарайшықта дүние салды. Қасым хан Алтын Орда билеушілерінің ежелгі зиратына, жеке күмбезді жерленеді. Қазір бұл өңірлер тау-тау болып үйілген топырақ болып жатыр [5,23 б].

Бүгінгі таңда Қасым ханның дүниеден өткені туралы ғалымдардың арасында пікірталас туындауда, бірақ, тың деректерге сүйене отырып, тарих ғылымдарының кандидаты Амантай Исин Қасым ханның қайтыс болған уақытына өзінің көзқарасын білдірді. «№1. Түрік елшілік кітабының» қол жазбасында (Книги посольские турецкие №1)1521 жылы қазақ хандығының саяси жағдайы және Қасым ханның дүние салғаны туралы жазылған. Ол қысқа мәтінде: «А казацкого царя Касыма с зимы не стала. А его два салтана, и они еще меж собою бронят, а на царства никто не сел» «ҚазақтыңҚасым ханы қайтысболды. Оның екі сұлтаны өзара қақтығысуда, таққа ешкім отырған жоқ». Екінші бір деректі Заика Зудов атты тыңшы жазып қалдырыпты. 1520-1521 жж. қыс айларында рязаньдық Занко Зудов Астраханда қамауда болған. Москваның ұлы князі III Василийге 1521 жылдың сәуірінде жіберген мәліметінде: «Осы жылы қыста қазақ патшасы қайтыс болды» - деп жазған. Айтылған дерекке сүйене отырып, біз Қасым ханның дүниеден өткен уақыты 1521 жыл деген тұжырымға келеміз.

Жалпы алғанда, Қазақ хандығы XVI ғасырдың бірінші ширегінде Мауреннахрмен саяси қарым-қатынастардың барысында өмірлік маңызы ерекше Сырдарияның орта ағысы бойын Қазақ хандығына қосады. Жағдай Қазақ хандығының күшейіп, нығаюына, көрші елдердің алдында беделінің артуына ықпал ете бастайды. Қасым ханның ел басқарудағы данаөйлігі және қолбасшылық, батырлық ерліктері, беделі мен абыройы туралы халық аузында шындыққа негізделген аңыздар тарайды. Төңірегіндегі батырлар мен билер, сұлтандардың барлығы оның осы қасеттерін мойындаса, сол замандағы тарихшылар да көзі көрген деректерге, оқиғаларға сүйене отырып Қасым ханның рөлі, ол билік құрған кезеңдегі хандықтың нығаюы жайында маңызды жазбалар жазып, тереңінен зерделеп, тұшымды баға береді. Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты іргелі зерттеулердің авторы, ғалым, профессор Б. Кәрібаевтың еңбектеріне сүйене отырып олардың бірнешеуін келтірейік:

Бабыр: «Жұрттың айтуына қарағанда, қазақ хандары мен сұлтандарының бірде-бірі бұл халықты дәл осы Қасым хан сияқты бағындыра алмаса керек. Оның әскерінде 300 мыңға жуық адам бар» - деп жазды.

Мұхамед Хайдар мырза Дулати: «Ол Дешті Қыпшаққа билігін таратты. Оның әскерінде миллионнан аса адам болды. Жошы ханнан кейін бұл жұртта дәл осындай күшті хан болған жоқ» - деген мәлімет береді.

Қадырғали Жалайыр: «Олардың арасында, яғни Жәнібек хан ұлдарының арасында аса белгілі болғаны Қасым хан еді. Ұзақ уақыт атасының ұлысында патшалық етті. Төңірегіндегі уәлаяттарды өзіне қаратты. Оның хикаялары әр жерде кездеседі, көпке мәлім-мәшһүр» - дейді.

Махмуд бен Уәли: «Қасым хан Дешті Қыпшақ аймақтарында өз билігінің күшейткені соншалық, оның әскерінде 200 мыңнан аса адам болды» - дейді.

Сефевилік шығарма авторы Хайдари Рази: «1515-1516 жж. Қасым хан Жошы ұлысын тәртіпке келтіргендігі сондай, бұдан артықты көз алдыңызға елестету мүмкін емес, оның әскерінің саны миллионға дейін жетті».

Гаффари: «Қасым хан ... Дештінің ханы болды. Онымен және Шейбак хан арасында қақтығыстар болып, 1509-1510 жж. Шейбак хан оған қарсы аттанады, бірақ жеңіліс тапты» - деп жазды[8, 137 б].

Қасым хан өз халқының барлық қадірлі қазынасын бойына сіңірген ақыл парасатымен ғана емес жайсаң билезімен, адамгершілік қасиеттерінде өзгеше тұрпатын танытқан ғажайып тұлға болды. Қасым ханның билігі тұсында Түркістан аймағы Қазақ хандығына толығымен енгізіледі де, ол – Қазақстан мен Орта Азия аумағындағы ең күшті мемлекеттің біріне айналады. Қазақ хандығының даңқы, қазақ халқы туралы хабарлар алыс елдерге – Мәскеу княздығына. Европа елдеріне тарайды.

Қасым ханның Қазақ хандығы тағының болашақ өкілдеріне қалдырған өнеге жолы - елдің саяси бірлігін сақтау мен мемлекеттіліктің ең басты көрсеткіші хандық билікті нығайтуы, оны мойындатуы еді.XVI ғасырдың бірінші ширегінде қазақ елінің атын жер жүзіне жеткізген Қасым ханның есімі Тәуелсіз Қазақстан

Республикасының мыңдаған жылдық тарихында және қазақ халқының жадында мәңгі орын алатыны хақ. Ұлттық тарихтың ақтаңдақ, ұмыт болған беттерін ғылыми зерттеу бұл қазақстандық қоғам, қазақ халқы үшін ғана емес бүгінгі таңда әлем алдында Қазақстанның тарихи-географиялық, саяси-экономикалық тұғырының берік болуы үшін аса қажет.

Түркістан — екідүниеесігіой,  
Түркістан — ер түріктіңбесігіой.  
Тамаша Түркістандайжердетуған  
ТүріктіңТәңірібергеннесібесігой.  
ЕртедеТүркістандыТұрандескен,  
Тұранда ер түрігімтуып-өскен.  
Тұранныңтағдыры бар толқымалы,  
Басынанкөптамашакүндеркешкен.  
Арыстанелге Отан болғанТұран,  
Тұрандақазағым да хандықкұрған.  
ҚазақтыңқасқажолдыҚасым ханы  
Тұранныңталайжерінбилептұрған.

Ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың Қасым ханға, ол өмір сүрген бағзы замандарға жырдан соққан мәңгілік ескерткіші осындай.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulfttyk-kuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727>
2. Кляшторный С.Г., Сұлтанов Т.И. Казахстан летопись трех тысячелетий. -Алма-Ата: «Рауан», 1992.- 374 б.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінгі күнге дейін). Бес томдық. Том 3. -Алматы: «Атамұра», 1998. -768 б.
4. Махмұд пен Уали. «Бахр әл-асрар». Ташкент: «Фан», 1977. -324 б.
5. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. -Алматы: «Қазақстан», 1995. -208 б.
6. Кәрібаев Б. Қасым хан/Анатілі газеті. 2011, -№28, 5-6 б.
7. Пищулина К.А. Казахское ханство во взаимоотношениях с Могулистаном и Шайбанидами в последней трети XV века. -Алма-Ата: «Наука», 1981. -192 б.
8. Кәрібаев Б. Қазақ хандығының күшеюі (XV ғ. соңғы - XVI ғ. алғашқы ширектері). – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2015. – 176 б.

### КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ ҚАЗЫБЕК НҮРЖАНОВ

Боранбай С.К., студент 3 курс

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Ғылыми жетекшісі: Тулегенова А.Ж., аға оқытушы, т.ғ.м.

Қарағанды қ.

Қазақ халқы өзінің бұрын-соңды тарихында басынан небір қилы замандарды өткізді. Тарихтың терен-терен қатпарларына көз жіберер болсақ, елдің есі мен санасында мәңгі сақталатын оқиғалардың бірі – Ұлы Отан соғысы мен 9-мамыр фашист басқыншыларын тізе бүктірген тарихи жеңіс күні. 1939 жылы фашистік Германияның Польшаға шабуылымен басталған екінші дүниежүзілік соғысқа көптеген мемлекеттер тартылды. Осы екіншідүниежүзілік соғыстың бір кезеңі Ұлы Отан соғысына да Кеңес Одағы құрамындағы республикалардың қатарында Қазақстан да қатысты.

Гитлершіл басқыншылар Батыс Еуропада әлденеше елді жаулап алғаннан кейін, Кеңес Одағының территориясына тұтқиылдан соғыс жарияламастан басып кірді. КСРО – ның құрамдас бөлігі ретінде Қазақстанға да өз Отанын қорғап, бұл соғысқа қатысуға тура келді. Қазақстан К(б)П Орталық комитетінің 1941 жылғы 25-26 маусымында өткен V пленумы республика халқынан «Бәрін Отанымыздың ең басты міндетіне - жауды жеңуге бағыттау» керек деп талап етіп, бүкіл жұмысты, экономиканы майдан мүддесіне сәйкес қайта құруға шақырды. Майданға жылдам әскери құрамалар құрыла бастады. Бұл құрамалар соғыс басталысымен іле-шала жасақталып, жедел әскери дайындықтан өтіп, майданға жөнелтілген қазақстандық дивизиялардың алғашқы тобына жатты. Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін ұраны көтерілді. Қазақстандықтар Кеңес Одағы құрамындағы басқа халықтармен бірге Отан қорғауға аттанды.

Сталин басқарған Кеңес өкіметі соғыстың басталатыны туралы талай рет хабар алғанымен оған қажетті дайындық жүргізе алмады. Оның үстіне 1937-1938 жылдары талай талантты әскери басшылар репрессияға ұшырады. Сондықтан соғыстың бас кезінде Қызыл Армия бірқатар жеңілістерге тап болды.